

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HJWM8152>***Қ. С. Ереалиев**

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар
педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0479-6088>*e-mail: ergaliev1976@mail.ru

ИНТЕРНЕТ-МЕМДЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Мақалада интернет-мемдердегі ұлттық құндылықтардың бейнелену жолдары қарастырылады. Интернет-мем – ақпаратты қысқа, нұсқа әрі бейнелі түрде жеткізетін, желі кеңістігінде жылдам таралатын заманауи коммуникация құралы. Осындай сипаттары оның жастар арасында кең танылуына жол ашып қана қоймай, ұлттық бірегейлікті нығайтуға, тарихи жадыны жаңғыртуға, мәдени мұраны бағалауға және патриоттық сезімді қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Интернет-мемдер – визуалды және вербалды кодтар арқылы мазмұнды терең жеткізуге мүмкіндік беретін әмбебап платформа. Осы тұрғыдан алғанда олар тек күлкілі немесе ойын-сауықтық сипатта ғана емес, маңызды әлеуметтік-мәдени мағынаға ие дискурстық кеңістік ретінде де қарастырылады.

Зерттеу жұмысының жаңашылдығы интернет-мемдердегі ұлттық құндылықтар алғаш рет кешенді тілдік және мәдени тұрғыдан зерделенуінен байқалады. Жұмыс барысында тілдік деректерді жинақтау, жүйелеу және оңдеу үдерістерінде контекстуалды талдау мен сипаттамалы әдістер қолданылды. Бұлар мемдердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін ашуға, ондағы ұлттық мазмұнды айқындауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар жұмыста интернет-мемдердің қазіргі заманғы мәдени трансляция құралы ретіндегі әлеуеті зерделеніп, олардың жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы ролі ғылыми негізде дәлелденеді. Бұл зерттеу дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысында тұрған интернет кеңістігінің ұлттық танымды дәріптеудегі маңызын айқындайтын тың қадам болып табылады.

Кілтті сөздер: интернет-мем, ұлттық құндылық, аксиологиялық лингвистика, мәдени код, цифрлық коммуникация.

Кіріспе

Әрбір адам – рухани әрі мәдени тұрғыдан баға жетпес байлықтың иесі. Ол шексіз де өлшеусіз құндылықтар әлемінде өмір сүреді. Сондықтан да оның болмысы мен мүмкіндіктерін ешбір дәуір де, мәдениет те толықтай аша алмайды. Адамның ішкі жан дүниесін, рухани әлемі мен құндылықтық бағдарларын тануға ұмтылу ғылым үшін өзектілігін жоймайтын маңызды зерттеу бағыттардың бірі болып табылады.

XX ғасырдың соңына қарай «құндылық» ұғымы тілтанымдық зерттеулер аясында кеңінен қарастырыла бастады. Бұл құбылыс тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет, тіл мен адам арасындағы өзара байланысты тереңірек түсінуге деген ұмтылыстың нәтижесі ретінде зерделенеді. Осыған орай тіл білімінде жаңа бағыт – аксиологиялық лингвистика пайда болды. Оның негізгі мақсаты – тілдік деректер негізінде адам мен қоғамның құндылықтар жүйесін, олардың рухани бағдарларын, дүниетанымы мен мәдени ерекшеліктерін зерттеу.

Дегенмен аксиологияда «құндылық» ұғымына қатысты ортақ, бірізді анықтама күні бүгінге дейін қалыптаса қойған жоқ. Бұл ұғым әртүрлі ғылыми мектептерде әрқалай түсіндіріліп келеді. Соған қарамастан көптеген зерттеушілер құндылықтың негізінде адамның қызығушылығы, қажеттілігі мен ұмтылысы жатқанын атап өтеді. Мысалы, О. Г. Дробницкийдің пікірінше: «Құндылық немесе игілік дегеніміз – тілек, қажеттілік, ұмтылыс, қызығушылық және т.б. нысаны болып табылатынның барлығы» [1, 25-б.]. Бұл көзқарас В. В. Ильиннің анықтамасымен үндес: «Құндылық – адамның белгілі бір қызығушылығы мен мұратына сай келетін, әрі оның мақсатына жетуіне ықпал ететін маңызды объект немесе құбылыс» [2, 202-б.].

Осы тұжырымдардан байқайтынымыз – құндылық ұғымы адамның болмысқа деген қатынасымен, өмірлік тәжірибесімен және субъективті бағалау жүйесімен тығыз байланысты. Ол – адамның күнделікті өмірінде бағдар болатын, әрекеттеріне, таңдауларына және дүниетанымына әсер ететін күрделі әрі көпқырлы философиялық-мәдени категория. Құндылықтар жүйесі арқылы біз белгілі бір қоғамның рухани болмысын, тарихи тәжірибесін және мәдени ерекшеліктерін тани аламыз.

Н. Ф. Алефиренконың пайымдауынша, құндылық – материалдық не рухани объектілердің өзінен гөрі, адамның қоршаған ортаға деген мәдени-мағыналық қатынасын білдіретін күрделі ұғым. Ол құндылықтарды адамның әлемді қабылдауы мен оның бағалауының, сол арқылы өзін-өзі тануы мен болмысын қалыптастыруының рухани-мәдени бағдарлары

ретінде қарастырады [3]. Яғни құндылық адамның өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымына негізделген мағыналық категория ретінде әрекет етеді.

Е. В. Бабаева құндылықтарды адамның әрекетіне бағыт-бағдар беретін, оның мінез-құлқының әлеуметтік нормаларын айқындайтын мақсатты бағдар ретінде сипаттайды [4, 60-6.]. Бұл көзқарас құндылықтардың практикалық қызметін – адамның күнделікті өмірдегі жүріс-тұрысы мен шешім қабылдау үдерісіндегі рөлін айқын көрсетеді.

А. Н. Усачева құндылықтарды тарихи тұрғыда қалыптасқан, адамның әлеммен өзара әрекеттесу үдерісінде жинақталған мінез-құлық үлгілері мен соларға қатысты әлеуметтік түсініктер жүйесі ретінде саралайды [5, 26-6.]. Бұл тұрғыда құндылықтар тек жеке субъектіге тән емес, ұжымдық сананың, тарихи-мәдени тәжірибенің көрінісі ретінде ұсынылады.

Осы бағытты жалғастыра отырып, В. Е. Чернявская құндылықтарды субъект үшін белгілі бір объектінің маңыздылығын білдіретін, оған қатысты қалыптасқан түсініктер жүйесі деп есептейді [6, 109-6.]. Оның көзқарасы құндылықтардың әлеуметтік-мәдени сипатынан туындайтын ұжымдық тәжірибе мен символикалық жүйелерге негізделетінін көрсетеді. Демек, құндылықтар тек субъективті бағалауға емес, қоғамдық нормалар мен ортақ мағыналық кеңістікке де сүйенеді.

С. Н. Виноградовтың тұжырымдауынша, құндылық – «қоғам мен жеке тұлға үшін нақты болмыстағы заттар мен құбылыстардың маңыздылығын білдіретін, адам әрекеті арқылы жүзеге асатын идеалдық құрылым» [7, 93-6.]. Бұл анықтама құндылықтардың идеалдық (рухани-символикалық) және практикалық (іс-әрекетпен байланысқан) екі қыры бар екенін байқатады.

Г. Г. Слышкин философиялық және лингвистикалық тұрғыдағы құндылық категорияларының арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін атап көрсетеді. Оның айтуынша, философиялық зерттеулерде басымдық көбіне жағымды құндылықтарға аударылса, ал лингвистикалық зерттеулерде құндылықтармен қатар антиқұндылықтарға, яғни қоғамда жағымсыз қабылданатын құбылыстарға да ерекше көңіл бөледі [8]. Бұл тілдің тек жағымды әлеуметтік құбылыстардың көрінісі ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы жағымсыз, қарама-қайшы құбылыстарды да бейнелейтін күрделі әрі әмбебап құрал екенін дәлелдейді. Осылайша, тіл – адам мен қоғам санасындағы құндылықтар мен антиқұндылықтардың толық спектрін көркем де нақты түрде жеткізетін ерекше әлеуметтік-мәдени феномен.

Құндылықтарды құрылымдаудың өзіндік үлгісін ұсынған ғалымдардың бірі – А. И. Субетто. Ол құндылықтарды «пирамида» түрінде жүйелеуді ұсына отырып, оның негізіне халықтың тарихи жады мен менталитетін айқындайтын архетиптік құндылықтарды орналастырады [9, 65–67-66.].

Бұл құндылықтар адамға бала кезінен бастап мәдени-әлеуметтік орта арқылы сіңіріліп, санасында өмір бойы терең әрі тұрақты түрде сақталады. Мұндай құндылықтар тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда, оның моральдық, рухани және мәдени бағдарларын айқындауда шешуші рөл атқарады. Олар адам әрекетінің негізін құрай отырып, ұжымдық мәдениет пен қоғамның даму бағытына да әсер етеді.

Ал А. В. Голованова құндылық ұғымын субъект пен объект арасындағы ерекше қарым-қатынас ретінде қарастырады. Оның пікірінше, қандай да бір объектіні құндылық ретінде танып, бағалау үшін, ең алдымен, осы қатынастың табиғатын, яғни субъектінің белгілі бір объектіге қатысты бағалау ұстанымын нақтылау қажет [10, 56-6.]. Бұл қатынас адамның өмірлік тәжірибесімен, дүниетанымымен және рухани-адамгершілік бағдарларымен тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан құндылықтар жүйесі әрдайым екіжақты сипатқа ие болады: ол, бір жағынан, субъективті (жеке қабылдау мен бағалау арқылы), екінші жағынан, объективті (әлеуметтік-мәдени норма мен тәжірибе арқылы) қалыптасады.

Осылайша, А. В. Голованова ұсынған тұжырымдама құндылықтарды тек жеке адамның ішкі әлеміне ғана қатысты құбылыс ретінде емес, сонымен бірге оларды қоғаммен, мәдениетпен, уақытпен байланыста қарастыру қажеттігін алға тартады. Бұл құндылықтар табиғатын кешенді тұрғыдан түсінуге жол ашады және олардың тұлға мен қоғам өміріндегі рөлін тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістері

Жұмыста алға қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес бірқатар зерттеу әдістері қолданылды. Нақтырақ айтқанда, тілдік деректерді жинақтау, жүйелеу және өңдеу барысында контекстуалды талдау мен сипаттамалы әдістер пайдаланылды. Бұлар зерттеліп отырған құбылыстардың тілдік көріністерін жан-жақты саралап, олардың мағыналық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ескере отырып, зерттеуде лингвомәдени және лингвоаксиологиялық талдау әдістері де қолданылды. Лингвомәдени талдау – тілдік бірліктердің артында жатқан ұлттық-мәдени коннотацияларды айқындауға бағытталса, лингвоаксиологиялық әдіс – тіл арқылы көрініс табатын құндылықтарды, олардың бағалаушылық реңктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

XXI ғасыр – цифрлық коммуникация мен ақпараттық тасқын дәуірі. Бұл кезеңде қоғамның мәдени кеңістігі, негізінен, онлайн платформалар мен әлеуметтік желілер арқылы қалыптасып, үздіксіз жаңарып отырады. Осындай жаңа медиамәдениет жағдайында интернет-мемдер тек әзіл немесе ойын-сауық мақсатындағы визуалды не мәтіндік элементтер ғана емес, сондай-ақ

қазіргі адамның дүниетанымы мен ойлау үлгісін, мәдениетке, қоғамға және өзін-өзі тануға қатысты ұстанымдарын білдіретін ерекше семиотикалық құрал ретінде танылады.

«Мем» (ағылш. *memе*) термині грек тіліндегі *mimesis* – «еліктеу», «ұқсау» деген мағынаны білдіретін сөзден бастау алады. Бұл ұғымды ғылыми айналымға алғаш рет ағылшын биологі Р. Докинз 1967 жылы жарық көрген «Эгоистік ген» атты еңбегінде енгізген [11]. Ол мемді мәдени ақпараттың шағын бірлігі ретінде сипаттап, оны геннің мәдени баламасы деп түсіндіреді. Яғни мемдер биологиялық гендер секілді қоғам ішінде ақпаратты тасымалдап, таратып, мутацияға ұшырап, жаңа формаларда өмір сүре алады.

Зерттеушінің пайымдауынша, биологиялық гендер ақпаратты ағзадан ағзаға тасымалдау қызметін атқарса, мемдер мәдени ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа немесе бір адамнан екінші адамға еліктеу, қайталау және көшіру жолымен жеткізетін бірліктер болып табылады. Яғни мемдер – адамның ойлау жүйесіне, мінез-құлқына, сенімдеріне, тіпті тілдік қолданысына ықпал ететін мәдени репликаторлар. Р. Докинз бұл құбылысты мәдени эволюцияның негізгі механизмі ретінде сипаттайды және оны Ч. Дарвиннің табиғи сұрыпталу теориясымен ұқсастырады.

Мем ұғымын түсіндіру барысында Р. Докинз оның мысалдарына түрлі мәдени формаларды жатқызады: ұлттық салт-дәстүрлер, музыкалық шығармалар, ойлау стереотиптері, қанатты сөздер, ұлттық киім үлгілері, архитектуралық стильдер, халық әндері мен фольклорлық элементтер, діни рәміздер. Ғалымның пікірінше, мұндай элементтер мәдени ортада қалыптасып, еліктеу арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп, қоғам мүшелері арасында тұрақты қайталанатын және танылатын мәдени мінез-құлық үлгілері мен идеяларға айналады [12, 122-б.].

Уақыт өте келе бұл ұғым кеңейіп, цифрлық коммуникация құралдарының дамуы нәтижесінде жаңа мазмұнға ие болды. Қазіргі заманғы түсінікте «мем» ұғымы тек дәстүрлі мәдени формалармен шектелмей, интернет кеңістігінде таралатын ақпараттық өнімдерге де қолданылады. Мысалы, Оксфорд сөздігі «мем» сөзіне екі негізгі анықтама береді. Біріншісі – «бір қоғам мүшесінен екіншісіне генетикалық емес, еліктеу арқылы берілетін идея немесе мәдени элемент». Екіншісі – қазіргі ақпараттық қоғамға тән сипаттама: «интернет қолданушылары арасында жылдам таралатын, көбіне әзілдік мазмұндағы, мәтін, сурет немесе бейне түрінде ұсынылатын, жиі өзгеріске ұшырайтын ақпараттық бірлік» [13].

Осы анықтамалар негізінде интернет-мемдерді қысқа формада үлкен мағыналық жүктемені жеткізе алатын, жоғары таралым әлеуетіне ие әрі кең аудиторияға түсінікті мәдени кодтар ретінде қарастыруға болады. Олар белгілі бір әлеуметтік құбылысқа, оқиғаға немесе жағдайға берілетін

қоғамдық реакцияны, интерпретацияны және бағалауды білдіреді. Сонымен қатар интернет-мемдер – заманауи қоғамда өзекті болып отырған әлеуметтік, саяси, тұрмыстық немесе мәдени мәселелерге қатысты ұлттық дүниетаным мен сананың көрінісін бейнелейтін ерекше ақпараттық-мәдени форма.

Интернет-мемдерде ұлттық құндылықтардың бейнеленуі – қазақ мәдениетінің цифрлық кеңістікке табысты түрде бейімделіп, заманауи медиамәдениетпен үндесе бастағанының нақты көрінісі. Бүгінгі қазақ мемдерінде ұлттық тіл мен дүниетанымның маңызды элементтері – фольклорлық сюжеттер, тарихи оқиғалар мен тұлғалар, салт-дәстүрлер, тұрмыстық шындықтар және ұлттық болмыс заманауи әрі креативті формада көрініс табады. Мұндай мазмұндар кең аудиторияны, әсіресе жастарды қызықтырып, ұлттық мәдениетті жаңа форматта қабылдауға ықпал етеді. Бұл интернет-мемдердің жай ғана күлкілі контенттен өсіп, әлеуметтік-мәдени мағынасы бар коммуникациялық арнаға айналғанын дәлелдейді.

Интернет-мемдер – ақпаратты қысқа, нұсқа әрі бейнелі түрде жеткізетін, желіде тез таралатын ықпалды құрал. Осындай сипаттары оларды жастар арасында танымал етіп қана қоймай, ұлттық бірегейлікті күшейтуге, тарихи жадыны жаңғыртуға, мәдени мұраны бағалауға және отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар мемдер ұлттық дәстүр мен ұғымдарға заманауи көзқараспен қарауға мүмкіндік беріп, оларды жаңаша интерпретациялау арқылы ұлттық құндылықтарды жаңа мазмұнда қайта тірілтеді.

Жалпы алғанда, интернет-мемдер – дәстүр мен заманауилықтың тоғысында пайда болған қазіргі заманның мәдени феномені. Олар қазақ халқының бай мәдени мұрасын жаһандану жағдайында сақтап қана қоймай, оны әлемдік аудиторияға тартымды әрі креативті формада танытуға жол ашады. Бұл үрдіс ұлттық танымның цифрлық кеңістікте жаңаша бейнеленуі мен мәдени трансформацияның жаңа деңгейге көтерілуінің айғағы болып саналады.

Мысалы, қазіргі қазақтілді интернет кеңістігінде кең таралған «*Ет етке, сорпа бетке, қалғаны Ауген деген пакетке*» (Сурет 1) атты мем – халқымыздың бай ауызекі мәдени мұрасынан туындаған «*Ет етке, сорпа бетке*» деген дәстүрлі мақалдың заманауи әрі ирониялық реңкте жаңғыртылған, модернизацияланған үлгісі. Бұл мысал паремиялогиялық қордың жаңа формада өмір сүріп, қазіргі қоғам талаптарына сай өзекті мағынаға ие бола алатынын көрсетеді.

Аталған мем дәстүрлі ұлттық құндылықтарды – қонақжайлықты, дастарқан мәдениетін, ет тағамының мәртебесін – қазіргі заманғы тұтынушылық сана мен қалалық өмір салтының ерекшеліктері тұрғысынан әзіл-сықақ арқылы жаңаша пайымдауға шақырады. Мұндағы ирониялық

тәсіл дәстүр мен қазіргі тұрмыстық реалий арасындағы шекараны жойып, жаңа мәдени кодтың қалыптасуына ықпал етеді.

Мемнің соңғы бөлігіндегі «*Aygen деген пакетке*» тіркесі заманауи тұрмыстың символына айналған, қажетті заттарды салып алып жүруге арналған пакетті меңзеп, дәстүр мен қазіргі өмір шындығының тоғысуын айқын бейнелейді. Осылайша, интернет-мемдер ұлттық паремиологиялық қорды жаңа контексте қолдана отырып, құндылықтардың мағынасын қайта құруға әрі жаңғыртуға қабілетті екенін айғақтайды.




1-сурет – Интернет-мем мысалы
[Instagram, Электронды ресурс]

«*Балықты жеу мига пайдалы екені – миф, ал бешбармақ одан да керемет екені – ақиқат*» атты интернет-мемде (Сурет 2) қазақ халқының ұлттық тағамдарына, соның ішінде ет асу дәстүріне деген ерекше құрмет пен мақтаныш сезімі көрініс табады. Бұл мемде батыстық танымдағы «денсаулыққа пайдалы тағам» түсінігі мен қазақтың дәстүрлі тағам мәдениеті салыстырыла отырып, белгілі бір аксиологиялық көзқарас бейнеленеді.

Бешбармақ тек тағам ғана емес, ол қазақ халқының қонақжайлық дәстүрінің, бірлік пен берекенің, ұлттық бірегейліктің символы ретінде танылады. Мем авторы әзіл арқылы ұлттық тағамға деген шынайы сүйіспеншілік пен құрметті білдіреді. Сондай-ақ бұл визуалды-коммуникативтік құрал ұлттық құндылықты дәріптеу, заманауи ақпараттық кеңістікте дәстүрлі мәдениетті насихаттау және ұлттық тағам имиджін қалыптастыру қызметтерін атқарады.

Мем мәтініндегі «миф» және «ақиқат» ұғымдарының қарама-қарсылығы арқылы аксиологиялық бағалау жүзеге асырылады: балықтың пайдалы екендігі күмән туғызса, бешбармақтың маңыздылығы еш шүбә келтірмейтін шындық ретінде ұсынылады. Бұл салыстыру ұлттық тағамның рухани және мәдени құндылығын арттырып, оқырман санасында оң бағалау тудырады.



2-сурет – Интернет-мем мысалы
[KZMemes – ВКонтакте, Электронды ресурс]

«Квас? Жоқ! Тек қана қымыз!» атты интернет-мемде (Сурет 3) қазақ халқының дәстүрлі тағамдық мәдениетінде ерекше орын алатын ұлттық сусын – қымыздың құндылығы бейнеленеді. Мем мазмұны арқылы қазақтың дәстүрлі сусыны мен басқа халыққа тән балама сусын (бұл жағдайда квас) қарама-қарсы қойылып, қымыздың ұлттық, тарихи әрі мәдени маңызы ерекше атап көрсетіледі.

Бұл мем аксиологиялық оппозиция қағидатына негізделіп құрылған: бір жағынан, бөгде мәдениет өнімі (квас), екінші жағынан, төл ұлттық мұра (қымыз). Мұндай қарама-қарсылық арқылы ұлттық сусынға деген жоғары бағалау мен мақтаныш сезімі айқын көрінеді. Қымыз – жай ғана сусын емес, ол – денсаулықтың, тазалықтың, табиғилықтың және көшпелі өмір салтының көрінісі. Осы себепті мемде ұсынылған идея – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оларды өзгелермен салыстыру арқылы қазақ болмысының даралығын көрсету.

Сонымен қатар бұл мемді қазіргі ақпараттық қоғамда ұлттық мәдениеттің визуалды әрі қысқа формада насихатталуының бір мысалы ретінде де қарастыруға болады. Осындай контент арқылы жастар арасында ұлттық сана мен мәдени идентификацияны күшейту үрдісі жүзеге асады. Яғни қымызды таңдауға үндейтін бұл жолдау – ұлттық құндылықтарды күнделікті коммуникацияда заманауи тәсілдермен насихаттаудың жолы.



3-сурет – Интернет-мем мысалы
[KZMemes – ВКонтакте, Электронды ресурс]

Келесі интернет-мемде (Сурет 4) әлемге әйгілі футбол жұлдыздары – Л. Месси мен К. Роналду бейнесі қолданылып, олардың арасындағы диалог арқылы қазақ халқының дәстүрлі биі – «Қара жорға» көркемдік мағынаға ие мәдени символ ретінде ұсынылады. Бұл мемде интермәтіндік пен интермәдениеттік кодтардың тоғысуы жүзеге асып, жаһандық танымал тұлғалар мен ұлттық мәдени мұраның үйлесімі арқылы қазақ этномәдени құндылықтары халықаралық мәдени кеңістікте жаңаша сипатқа ие болады.

Мемнің құрылымында шетелдік мәдени контекст пен қазақ дәстүрлі өнерінің бірігуі «Қара жорға» биін тек этникалық нышан ретінде емес, әлемдік қызығушылық тудыратын ұлттық бренд ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. Осылайша, «Қара жорға» биі заманауи медиамәдениет аясында эстетикалық және аксиологиялық тұрғыдан жаңаша интерпретацияланады.

Диалогтік құрылым, ирония және бейнелі-көркемдік тәсілдер арқылы ұсынылған бұл би – қазақ халқының пластикалық және музыкалық мәдениетінің көркем шоғырлануы. Мемде «Қара жорға» арқылы бейнеленетін еркіндік, сұлулық, үйлесім, ішкі қуат сынды құндылықтар ұлттық болмыстың эстетикалық, эмоциялық, әлеуметтік қырларын біріктіретін ерекше мәдени феномен ретінде көрінеді.

Мұндай тәсіл, бір жағынан, ұлттық мұраның жастар арасындағы танымалдығын арттырып, дәстүрлі мәдениетті заманауи құралмен дәріптесе, екінші жағынан, қазақ мәдениетінің цифрлық және визуалды коммуникация кеңістігіндегі бейнесін кеңейтеді. Бұл мем – мәдени мұраны креативті түрде репрезентациялаудың әрі оны жаһандық аудиторияға заманауи құралдар арқылы танытудың жарқын үлгісі.



4-сурет – Интернет-мем мысалы
[Instagram, Электронды ресурс]

Келесі интернет-мемде (Сурет 5) қазақтың ұлы ақыны әрі кемеңгер ойшылы А. Құнанбайұлының кеңінен танымал «Қыс» өлеңінің заманауи үлгіде қайта жаңғыртылуы болып табылады. Бұл мемде классикалық әдеби шығарманың құрылымы мен көркемдік бейнелеу тәсілдері әзіл, ирония және сарказм элементтерімен үйлесім тауып, жаңа мәдени-танымдық контексте ұсынылады. Мұндай креативті тәсіл дәстүрлі әдеби мұраға жаңаша көзқарас қалыптастырып, Абай туындыларының қазіргі жастар санасындағы қабылдану ерекшелігін көрсетеді.

А. Құнанбайұлының шығармалары тек қана қазақ әдебиеті мен мәдениетінің емес, жалпы адамзат руханиятының да ажырамас бөлігі саналады. Оның терең философиялық пайымдары, адамгершілік ұстанымдары мен моральдық қағидаттары кеңістік пен уақыт шеңберінен тыс жатқан әмбебап мәнге ие. Сондықтан да Абай поэзиясы мәдени код ретінде айрықша маңызға ие болып, интернет-мемдер арқылы ұлттық рухани құндылықтардың символына айналады.



5-сурет – Интернет-мем мысалы
[Instagram, Электронды ресурс]

Аталған мем үлгісінде дәстүрлі поэзия мен заманауи коммуникация тәсілдерінің үйлесуі арқылы мәдени сабақтастық жүзеге асып отыр. Сонымен бірге осындай цифрлық формадағы интерпретациялар Абай мұрасын бүгінгі аудиторияға, әсіресе жастарға, жақын етіп, оны жаңаша қырынан тануға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жалпылай алғанда, интернет-мемдерді қолдану жас ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды сіңірудің жаңа, тиімді әрі заманауи тәсілдерінің бірі ретінде танылуда. Мемдік контенттің көрнекі, ықшам әрі эмоционалды тұрғыдан әсерлі форматы – қазіргі жастардың ақпаратты қабылдау, есте сақтау және танымдық тұрғыдан өңдеу ерекшеліктерімен толық үндес. Бұл визуалды құрал жастардың қызығушылығын оятып, ұлттық мұраға деген оң көзқарас қалыптастыруға сеп болады.

Сол себепті интернет-мемдер ұлттық құндылықтарды кеңінен танытуда ғана емес, оларды саналы түрде қабылдатуда да пәрменді құрал ретінде қызмет ете алады. Сонымен қатар мемдер арқылы берілетін мәдени-танымдық мазмұн дәстүрлі және цифрлық коммуникация арасындағы көпір рөлін атқара отырып, жас буынның тарихи танымын тереңдетуге, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, интернет-мемдер тек қысқаша ақпарат таратудың құралы ғана емес, ұлттық бірегейлікті сақтау мен ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ететін заманауи медиакоммуникациялық тетікке айналып отыр.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Дробницкий, О. Г.** Некоторые аспекты проблемы ценностей [Текст] // Проблема ценности в философии / Под ред. А. Г. Харчева. – Ленинград : Наука, 1966. – С. 25–40.
- 2 **Ильин, В. В.** Аксиология [Текст]. – М. : Изд-во МГУ, 2005. – 216 с.
- 3 **Алефиренко, Н. Ф.** Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка: учебное пособие [Электронный ресурс]. – URL : <https://www.studfiles.ru/preview/4272589/>
- 4 **Бабаева, Е. В.** Лингвокультурологические характеристики русской и немецкой аксиологических картин мира : дис. ... д-ра филол. наук [Текст]. – Волгоград, 2004. – 438 с.
- 5 **Усачева, А. К.** Лингвистические параметры концепта «состояние здоровья» в современном английском языке : дис. ... канд. филол. наук [Текст]. – Волгоград, 2002. – 167 с.
- 6 **Чернявская, В. Е.** Интертекст и интердискурс как реализация текстовой открытости [Текст] // Вопросы когнитивной лингвистики. – М. : Тамбов, 2004. – № 1. – С. 106–112.
- 7 **Виноградов, С. Н.** К лингвистическому пониманию ценности [Текст] // Русская словесность в контексте мировой культуры : Материалы международной научной конференции РОПРЯЛ. – Нижний Новгород : Изд-во Нижегородского ун-та, 2007. – С. 93–97.
- 8 **Слышкин, Г. Г.** Лингвокультурные концепты и метаконцепты : дис. ... д-ра филол. наук [Текст]. – Волгоград, 2004. – 323 с.
- 9 **Субетто, А. И.** Ценности в системе общественного интеллекта. «Ценностная война» и защита ценностной самоидентификации российской цивилизации [Электронный ресурс]. – URL : <https://trinitas.ru/rus/doc/0012/001a/00120111.htm>
- 10 **Голованова, А. В.** Ценности и оценки в языковом отражении (на материале русского и польского языков) : автореф. дис. ... канд. филол. наук [Текст]. – Пермь, 2002. – 16 с.
- 11 **Докинз, Р.** Эгоистичный ген / пер. с англ. [Текст]. – М. : АСТ : CORPUS, 2013. – 501 с.
- 12 **McGrath, A. E.** Dawkins' God: genes, memes, and the meaning of life [Text]. – London : Blackwell, 2005. – 202 p.
- 13 Oxford Learner's Dictionaries [Электронный ресурс]. – URL : <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com>

References

- 1 **Drobnitsky, O. G.** Nekotorye aspekty problemy cennostej [Some aspects of the problem of values] [Text] // The problem of value in philosophy / ed. A. G. Kharchev. – Leningrad : Nauka, 1966. – P. 25–40.
- 2 **Ilyin, V. V.** Aksiologija [Axiology] [Text]. – Moscow : Moscow State University Publishing House, 2005. – 216 p.
- 3 **Alefirenko, N. F.** Lingvokul'turologija. Cennostno-smyslovoe prostranstvo jazyka : uchebnoe posobie [Linguoculturology. The value-semantic space of language : a textbook] [Electronic resource]. – URL : <http://www.studfiles.ru/preview/4272589/>
- 4 **Babaeva, E. V.** Lingvokul'turologicheskie harakteristiki russkoj i nemeckoj aksiologicheskikh kartin mira : dis. ... doctora filol. nauk [Lingvocultural characteristics of Russian and German axiological pictures of the world : diss. ... doctor of philological sciences] [Text]. – Volgograd, 2004. – 438 p.
- 5 **Usacheva, A. K.** Lingvisticheskie parametry koncepta «sostojanie zdorov'ja» v sovremennom anglijskom jazyke : dis. ... kand. filol. nauk [Linguistic parameters of the concept «health status» in modern English : diss. ... cand. philological sciences] [Text]. – Volgograd, 2002. – 167 p.
- 6 **Chernyavskaya, V. E.** Intertekst i interdiskurs kak realizacija tekstovoj otkrytosti [Intertext and interdiscourse as a realization of textual openness] [Text] // Questions of cognitive linguistics. – M. : Tambov, 2004. – No. 1. – P. 106–112.
- 7 **Vinogradov, S. N.** K lingvisticheskomu ponimaniju cennosti [Towards a linguistic understanding of value] [Text] // Russian literature in the context of world culture: Proceedings of the international scientific conference ROPRYAL. – Nizhny Novgorod : Publishing house of Nizhny Novgorod University, 2007. – P. 93–97.
- 8 **Slyshkin, G. G.** Lingvokul'turnye koncepty i metakoncepty : dis. ... doctora filol. nauk [Linguacultural concepts and metaconcepts : dis. ... doctor of philological sciences] [Text]. – Volgograd, 2004. – 323 p.
- 9 **Subetto, A. I.** Cennosti v sisteme obshhestvennogo intellekta. «Cennostnaja vojna» i zashhita cennostnoj samoidentifikacii rossijskoj civilizacii [Values in the system of public intelligence. «Value war» and the protection of the value self-identification of the Russian civilization] [Electronic resource]. – URL: <http://trinitas.ru/rus/doc/0012/001a/00120111.htm>
- 10 **Golovanova, A. V.** Cennosti i ocenki v jazykovom otrazhenii (na materiale russkogo i pol'skogo jazykov) : avtoref. dis. ... kand. filol. nauk [Values and evaluations in linguistic reflection (based on the Russian and Polish languages) : author's abstract. dis. ... candidate of philological sciences] [Text]. – Perm, 2002. – 16 p.

11 **Dawkins, R.** Jegoistichnyj gen [The Selfish Gene] [Text] / trans. from English – Moscow : AST : CORPUS, 2013. – 501 p.

12 **McGrath, A. E.** Dawkins' God : genes, memes, and the meaning of life [Text]. – London : Blackwell, 2005. – 202 p.

13 Oxford Learner's Dictionaries [Electronic resource]. – URL : <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com>

14.04.24 ж. баспаға түсті.

20.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. С. Ергалиев

Павлодарский педагогический
университет имени А. Маргулана,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 14.04.24.

Поступило с исправлениями 20.01.25.

Принято в печать 25.08.25.

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ИНТЕРНЕТ-МЕМАХ

В статье рассматриваются способы репрезентации национальных ценностей в интернет-мемах. Интернет-мем представляет собой современное средство коммуникации, позволяющее передавать информацию кратко, лаконично и образно, быстро распространяясь в цифровом пространстве. Благодаря таким характеристикам мемы становятся популярными среди молодежи, способствуют укреплению национальной идентичности, актуализации исторической памяти, ценностному восприятию культурного наследия и формированию патриотических чувств.

Интернет-мемы – это универсальная платформа, позволяющая глубоко раскрыть содержание через визуальные и вербальные коды. В этом контексте они выступают не только как развлекательный и юмористический контент, но и как значимое социально-культурное пространство с дискурсивной нагрузкой.

Новизна исследования заключается в том, что национальные ценности в интернет-мемах впервые рассматриваются с комплексной лингвистической и культурологической позиции. В ходе работы были использованы методы контекстуального анализа и описательного

подхода при сборе, систематизации и обработке языкового материала. Эти методы позволили выявить структурные и семантические особенности мемов, а также раскрыть их национальное содержание.

В статье также исследуется потенциал интернет-мемов как инструмента современной культурной трансляции, и научно обосновывается их роль в формировании национального самосознания подрастающего поколения. Данное исследование представляет собой важный шаг в осмыслении значимости цифрового пространства, находящегося на пересечении традиций и инноваций, в деле популяризации национальных ценностей.

Ключевые слова: интернет-мем, национальная ценность, аксиологическая лингвистика, культурный код, цифровая коммуникация.

*K. S. Yergaliyev

Pavlodar Pedagogical

University named after A. Margulan,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 14.04.24.

Received in revised form 20.01.25.

Accepted for publication 25.08.25.

REPRESENTATION OF NATIONAL VALUES IN INTERNET MEMES

The article explores the ways in which national values are represented in internet memes. An internet meme is a modern means of communication that conveys information in a concise, clear, and visual form, spreading rapidly through digital space. Due to these characteristics, memes have gained popularity among young people and contribute to strengthening national identity, reviving historical memory, fostering appreciation of cultural heritage, and developing patriotic feelings.

Internet memes serve as a universal platform that allows for deep content delivery through visual and verbal codes. In this context, they function not only as entertainment or humorous content but also as a meaningful socio-cultural space with discursive significance.

The novelty of this study lies in the fact that national values in internet memes are examined for the first time from a comprehensive linguistic and cultural perspective. During the research, methods of contextual

analysis and descriptive approach were used in collecting, systematizing, and processing linguistic data. These methods made it possible to identify the structural and semantic features of memes and to reveal their national content.

The article also investigates the potential of internet memes as a tool for contemporary cultural transmission and scientifically substantiates their role in shaping the national consciousness of the younger generation. This research represents an important step toward understanding the significance of the digital space is situated at the intersection of tradition and innovation in promoting national values.

Keywords: internet meme, national value, axiological linguistics, cultural code, digital communication.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz